**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН СҰХБАТ (2)**

**Фараби университеті – Ұлттық ғылыми-зерттеу университеті. Қазақстанның мәндайалды жоғары оқу орны ғана емес, ол – өз алдына үлкен бір қалашық. Біз оны студент жастар қалашығы, ғылым мен білім қалашығы деп білеміз. ҚазҰУ қалашығының құрылғанына да жарты ғасырдың жүзі болыпты. Жарты ғасырда қаланың да, қалашықтың да құрылым-жүйесі ескіретіні белгілі. Сіз де жарты ғасыр бойы осы қалашықта қызмет етіп келе жатырсыз. ҚазҰУ қалашығының соңғы бес жылдағы хал-ахуалы жайында не айтар едіңіз?**

ҚазҰУ қалашығы – еліміздің қасиетті құндылығы, ғылым мен білімнің, мәдениеттің баламасы жоқ байтақ байлығы. Жарты ғасыр саусақпен санайтындай уақыт емес. Жарты ғасырда қалашықтың ғимараттарының іші де, сырты да ескіре бастады, су құбырлары жүйесі, жылу беру және басқа жүйелер тоза бастады, қайбір нүктелерде іріп-шіру белгілері орын алған болатын. Соңғы бес жылда ҚазҰУ қалашығы толықтай күрделі жөндеуден өтті, жаңарды, жақсарды.

**Осындай жаңару, жақсару жұмыстарының нақты нәтижелерін атап көрсете аласыз ба?**

Жаңару, жақсару жұмыстарының нәтижелерін мен де, басқалар да күнде көріп жүрміз. Мұндай жұмыстардың

игілікті нәтижелері студент жастарымыздың да, оқытушы-профессорлар қауымының да көз алдында тұр. Мысалы, университеттің бас ғимараты алдындағы кеңбайтақ алаңға төселген плиталар тозып, сынып, студенттер мен оқытушы-профессорлардың жүруіне кедергі келтіріп жатушы еді. Осы кең алаң тазартылып, тегістелді, жаңа плита төселді. Қазіргі шақта бұл алаң қызыл алаңдай көз тартып, жарқырап жатыр. Студенттердің түрлі мәдени іс-шаралары осы алаңда өтуде. Оқу корпустары, аудиториялар, әкімшілік кеңселері, демалыс және тамақтану аймағы, жатақханалардың төбесі, қасбеті, дәлізі, бөлмелері, оқу залдары, фойелері, акт залдары, асханалары, жуыну бөлмелері, су құбырлары, жылу беру жүйесі, жол және тротуарлар күрделі жөндеу жұмыстары нәтижесінде жаңарды. Студенттер сарайы, спорт сарайы, стадион, Ғылыми кеңес залы реконструкцияланды. Университеттің гаражы көп жылдар бойы қараусыз, ескі-құсқы, құрылыс жұмыстарының қалдықтары үйіліп жатқан өзінше бір қоқыс қоймасына айналғандай еді. Кейінгі бес жылда сол гараждан тонна-тонна қоқыстар шығырылып, тазартылды, реконструкция жасалды, іші-сырты хан сарайындай жарқырап шыға келді. Қазір онда «FARABI HUB» орналасқан.

**ҚазҰУ-дың заманауи талаптарға сай жаңалықтары қатарында қандай жетістіктері барын айтасыз ба?**

Университеттің Ғылыми кеңесінің дерек көздерінде 2025 жылы 377 ғылыми жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалғаны көрсетілді. Халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектердің саны 2025 жылы 2000-нан асты, ал сол еңбектерге сілтеме жасап, цитат алу реті 4047-ге жетті. 2026 жылдың жетістіктері қатарында Фараби университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі исламдық қаржы саласында білім беретін әлемдік үздік бес орталықтың қатарына қосылғанын атап өткен орынды.

Университеттің заманауи талаптарға сай жаңалықтары да, жетістіктері де аз емес. Солардың қатарында «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты мен робототехника орталығының ашылуын ерекше маңызды жетістік деп білемін. Университет ұжымы аталған институт пен орталықты цифрлық инженерия мен өнеркәсіптік робототехниканы меңгеруге мүмкіндік беретін озық білім беру кеңістігі екеніне ерекше назар аударуда. Осы кеңістікте студенттер өндірістің барлық процестерін сандық ортада үйренеді және өндірістік кезеңдер мен үдерістерді өзара байланыстыру, автоматтандырылған күрделі жүйелермен жұмыс істеу құзіреттілігіне ие болады. Аталған орталықтың жалпы ауданы 600 шаршы метрді құрайды. Ондағы басты инновациялық платформа заманауи өндіріс пен жасанды интеллект негізінде құрылған және интеллектуал роботтармен жұмыс істеуге арналған бірнеше кешеннен тұрады. Бұл – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық әлеуеті мен Jiangsu Huibo Robotics Technology Co., Ltd. (ҚХР) компаниясының технологиялық мүмкіншіліктерін біріктіретін заманауи және инновациялық жетістік. Қазіргі шақта мұнда виртуалды зауыт, өнеркәсіптік роботтарды қолдануға лайықталған білім беру жүйесі, күрделі бионикалық қозғалыстар мен интерактивті тапсырмаларды орындауға қабілетті 10-нан астам заманауи роботтар жұмыс істейді.

**«FARABI HUB» туралы небір жақсы әңгімелер естимін. «FARABI HUB» дегеніміздің не екенін түсіндіріп беріңізші.**

«FARABI HUB» дегеніміз – инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы. Хабтың мақсаты – озық білімге, жаңа технологиялар мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ғылыми зерттеу нәтижелерін, технологиялық идеяларды нақты экономикаға енгізуді жеделдету. Хаб ел экономикасына инновациялық әзірлемелер енгізетін заманауи платформа ретінде құрылған. Онда креативті индустрия, жасанды

интеллект, стартап жобалары іске асырылады. Осы мақсатта жүргізілген іс-шаралар барысында 300 жаңа жұмыс орны ашылды, 20 миллион доллардан астам инвестиция тартуды қамтамасыз етуге арналған дрондарды жасап, өндіріске енгізу және NKSAT спутнигін жасау жұмыстарын ойдағыдай орындауда. Аталған спутник жердің тартылыс аумағы мен радиация деңгейін өлшеуге, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналады.

**Хаб құрамында қандай орталықтар бар?**

Хаб құрамында оннан аса зертханалар бар: 1) Қазақстан-Қытай бірлескен Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану зертханасы; 2) Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлескен микро-спутниктер зертханасы; 3) Роботехника және мехатроника RoboMech ғылыми білім беру орталығы; 4) FARABI ROBOTICS индустрия 4.0 бағыты бойынша өнеркәсіптік робототехника саласындағы инжинирингтік құзіреттілік орталығы; 5) Суперкомпьютер кластері; 6) Химия және химиялық технология зертханасы; 7) Биология және биотехнология зертханасы; 8) Заманауи қолданбалы физика және жоғары технологиялар зертханасы және т.б.

**Осылардың ішінде «Суперкомпьютер кластері» туралы нақтырақ айтып берсеңіз.**

*Суперкомпьютер кластері* - FARABI HUB құрамындағы он үш орталықтың бірі. 2024 жылы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми сапары аясында екі мемлекет басшылары Орталық Азиядағы ең жоғары қуатты суперкомпьютер орталығын ҚазҰУ-да ашу туралы келісімге келді. Орталықтағы жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі қызмет жағдайларын модельдеуге және IT-инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл құрылғы әлемдегі ең үздік 600 суперкомпьютер құрылғыларының тізіміне енген.

**Микроспутниктер зертханасы ғарышқа спутниктер ұшыруға қабілетті болады деп ойлайсыз ба?**

Иә. Фараби университеті ғарышқа өз спутниктерін ұшыруға қабілетті болады деп сенемін. Бұлай дегенде, ҚазҰУ-дың ғарышқа наноспутниктер ұшыру тәжірибесі бар екенін ескеріп отырмын. Университет бұған дейін ғарышқа «Al-Farabi-1», «Al-Farabi-2» наноспутниктерін ұшырған болатын.

**Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев ҚазҰУ-де өткен ғылыми қоғамдастықпен кездесуінде: «Ғылымды дамыту үшін бізде инфрақұрылым да, адами әлеует те бар. Үкімет пен ғылыми қоғамдастықтың алдында ортақ стратегиялық мақсат тұр. Ол – анағұрлым тиімді ғылыми орта қалыптастыру, экономикадағы инновацияны ынталандыру, ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру», - дегенін өзіңіз естідіңіз. «FARABI HUB» осы мақсатқа жету жолында қандай қызмет атқарады?**

FARABI HUB Мемлекет басшысы Үкімет пен ғылыми қоғамдастық алдына қойған стратегиялық мақсатты орындауға бағытталған нақты жұмыстарды қызу қарқынмен жүргізуде. «Анағұрлым тиімді ғылыми орта» дегеніміздің өзі – осы FARABI HUB. Мемлекет басшысының «ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру» туралы тапсырмасын орындау дегеніміздің нақты үлгісі де осы FARABI HUB. Республика Президенті Үкімет пен ғылыми қоғамдастық алдына қойған мақсатты іс жүзіне асыруда FARABI HUB жоғары технологиялық жобалар мен өнімдерді инновациялық дамыту орталығы атқаратын көпсалалы қызметтің әлеуметтік маңызы зор. Жуықтағы бір-екі жыл шамасында FARABI HUB өнімдерінің алғашқы легі нарыққа шығарылады деп күтіледі.

**ҚазҰУ қалашығына келсем, тынысым ашылып, көңілім жайланып қалады. Әсіресе Фараби кітапханасының алды сондай көрікті болып көрінеді.**

Көрікті ағаштар аллеясы, жастар бағы жасалып, ҚазҰУ қалашығы тау баурайындағы гүл қалашыққа, көкорай кеңістік аясындағы сәулелі де сәулетті қалашыққа

айналды. Оның тау самалымен тербетіліп толқыған таза ауасы мен тамаша аурасы студент жастарымызды ата-анасындай аялайды. Мұндай тап-таза тұнық ауа, тамаша аура, көрікті көрініс дүние жүзі университеттерінің бірінде де жоқ. Өз басым ҚазҰУ-ды, ҚазҰУ қалашығын ардақ тұтамын, аялаймын.

**Сындарлы сұхбатыңыз үшін рақымет.**

**Сұхбатты жүргізген**
**Абай институтының докторанты**
**Алма Кенжекожаева**
**2026 жыл**
**наурыз**